

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 33 "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй - жайлардың орналастырылуын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2016 жылғы 17 тамыздағы № 260 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 23 қыркүйекте № 3152 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Заңының 5 бабының 7) тармақшасына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 33 "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй – жайлардың орналастырылуын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2653 болып тіркелген, 2015 жылғы 7 сәуірде "Маңғыстау" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Е.Ж. Есбергенов) осы қаулының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ә.А. Шөжеғұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Айдарбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Ақтау қаласының әкімі

С.Ө. Трұмов

"17" 08 2016 ж.

Бейнеу ауданының әкімі

Б.А. Әзірханов
"17" 08 2016 ж.
"Маңғыстау облысының
дін істері басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы
Е.Ж. Есбергенов
"17" 08 2016 ж.

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2016 жылғы "17" 08 № 260 қаулысына
қосымша

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуы

№	Діни әдебиетті сататын үй-жайлардың атауы	Орналасқан орны
Ақтау қаласы бойынша		
1.	"Достық" сауда үйі	26 шағын аудан
2.	"Светоч" кітап дүкені	11 шағын аудан, 22 үй, 5 пәтер
3.	"Светоч" кітап дүкені	5 шағын аудан, 7 үй, 26 пәтер
4.	"Рита" кітап дүкені	11 шағын аудан, 35 үй, 77 пәтер
5.	"Рита" кітап дүкені	5 шағын аудан, 4 үй, 1-2 пәтер
6.	"Муслима" дүкені	28 шағын аудан, № 68/1 учаскесі
7.	"Мегахит" дүкені	27 шағын аудан, "Бәйтерек" сауда-ойын кешені
8.	"Жұлдыз" дүкені	Шығыс-3, 178 үй, 1 пәтер
9.	"Олжа" сауда үйі	30 шағын аудан, 170 үй, №46 дүңгіршек
Бейнеу ауданы бойынша		
10.	"Кітап әлемі" дүкені	Бейнеу селосы, "Тәуелсіздік" алаңы, № 1 сауда орны
11.	"Дана" супермаркеті	Бейнеу селосы, Бейбарыс көшесі